



Исх. № 3-27/715 от 05.05.2026, Вход № 1857 от 05.05.2026

№ \_\_\_\_\_

Орал қаласы

город Уральск

**Орман қоры жерлер санатынан  
өнеркәсіп, көлік, байланыс жері,  
ғарыш қызметі, қорғаныс,  
ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік  
аймағы мұқтажына арналған жер және  
ауыл шаруашылығына арналмаған  
өзге де жерлер санатына  
ауыстыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексін және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы «Жер пайдаланудың кейбір мәселелері туралы» №1047 қбп қаулысын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Тайпақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік орман қоры жерлерінен жалпы көлемі 5,0 га мемлекеттік орман қоры жерінен өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлері санатына ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтеуді қамтамасыз етсін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Ақжайық ауданының әкімдігі, «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» және «Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемелері осы қаулыны іске асыру жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Ш.Айтмұхамбетовке жүктелсін.

**Облыс әкімі**

**Н.Төреғалиев**

Әндіжан Елжас Талғатұлы 06.05.2026 09:28

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2026 жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ қаулысына  
қосымша




**Орман қоры жерлері санатынан  
өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық  
қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және  
ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына  
ауыстырылатын жерлердің экспликациясы**

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы көлемі, гектар	Оның ішінде:		
		орман көмкерген	орман көмкермеген	өзге жерлер
Батыс Қазақстан облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Тайпақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5,0	-	5,0	-
<b>Барлығы:</b>	<b>5,0</b>	<b>-</b>	<b>5,0</b>	<b>-</b>

**Подпись канцелярии**  
05.05.2026 14:55 ЖӘЛЕЛОВА ГҮЛГҮЛ  
**Подпись руководителя**  
05.05.2026 14:54 МАҚСӨТОВ НҰРЖАН



Әндіжан Елжас Талғатұлы 06.05.2026 09:28

<b>Тип документа</b>	Входящий документ
<b>Номер и дата документа</b>	№ 1857 от 05.05.2026 г.
<b>Организация/отправитель</b>	УПРАВЛЕНИЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
<b>Получатель (-и)</b>	УПРАВЛЕНИЕ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ И РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
<b>Электронные цифровые подписи документа</b>	 Государственное учреждение "Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области" Подпись руководителя: МАҚСОТОВ НҰРЖАН MII SMwYJ...9KG8vTw== Время подписи: 05.05.2026 14:54
	 Государственное учреждение "Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области" Подпись канцелярии: ЖӘЛЕЛОВА ГҮЛГҮЛ MII SbwYJ...Wz0TM3Q== Время подписи: 05.05.2026 14:55
	 ЭЦП канцелярии: Утешева Фариза Есимжановна без ЭЦП Время подписи: 05.05.2026 16:26



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Әндіжан Елжас